

С. Ж. БРАЛИНА

ФОЛЬКЛОР МӘТІНІНІҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Ғылыми танымның әмбебап категориясы (санаты) ретінде мәтінді ауыз әдебиеті саласындағы мамандар белсенді түрде қолдана бастады. Осының нәтижесінде зерттеу тәжірибесінде «ауыз әдебиетінің мәтіні» («фольклор мәтіні») деген ұғым берік қалыптасты. Алайда бұл ұғымның өзі ауыз әдебиеті туралы ғылымда түрліше түсіндіріледі және ол түсіндірулер таза текстология шегімен шектеліп қалмайды. Ауыз әдебиетінің мәтін ұғымының эволюциясы, оны семантикалық және функционалдық жағынан қайта қарау ауыз әдебиеті мен ол туралы ғылым дамуының ортақ үрдістерімен байланысты. Қазіргі зерттеушілердің, арасында біз де бармыз [1], тұжырымдары ауыз әдебиетінде қалыптасып отырған жағдайды концептуалды тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді.

XX ғ. 50-60 жж. мәтін ұғымы ауыз әдебиетін зерттеу тәжірибесіне фольклорлық текстологиядан – ауызша-поэтикалық мәтіндерді басылымға даярлаумен айналысатын қосымша ғылымнан ауысты. Өз кезегінде фольклорлық текстологияның өзі әдеби текстологияның санаттық аппаратына сүйенетінін айта кету керек. Сондықтан әдеби мәтіндерге ұқсастырып, ауыз әдебиетінің мәтіндеріне қатысты «толық», «толық емес», «алғашқы», «редакцияланған», «көркемдігі жоғары», «көркемдігі төмен», «белгілі бір айтушының мәтіні» және т.б. дефинициялар қолданыла бастады.

Әдеби тұрғыдан дұрыс деп есептелетін бұл терминдердің фольклорға қатысты қолданылуы – мүлде орынсыз. Өйткені бұл терминология өзінен жауабы жоқ сұрақтарды тудырады: фольклор мәтінінің толықтығының, алғашқылығының, көркемдігінің өлшемдері қандай? Мәтіннің белгілі бір айтушыға «тиесілі» екені неден көрінеді?

Алайда бұл сұрақтарға жауап беру объективті себептерге байланысты мүмкін емес еді. Ол кезде ғылым алдына басқа міндеттер қойылған болатын: ауыз әдебиетінің ескерткіштерін сақтап қалып, КСРО халықтарының эпикалық шығармашылық қазынасымен қалың бұқараны таныстыру маңызды болды. Осы мақсатпен нақты бір эпостың варианттары, нұсқалары болып табылатын фольклорды жазып алуға баса назар аударылып, тыңғылықты жұмыс жүргізілді. Фольклористика тарихындағы бұл кезеңнің өнімділігі күмән тудырмайды: сол жылдардың эдициялық тәжірибесі ауыз әдебиетінің жаңа ба-

сылымдарымен толықты әрі олардың ғылыми құндылығы осы уақытқа дейін жоғалған жоқ.

Бір жағынан, со жылдардағы текстологиялық сипаттамалар шын мәнінде болашақ теориялық мәселелердің негізін қалады деуге болады (бұл бастырып шығарушылардың өздерінің еркінен тыс болуы да ықтимал).

Мәселен, М.О.Әуезов пен Н.С.Смирнованың редакциясымен шыққан қазақ эпосының текстологиялық тұрғыдан үлгілі басылымында «текст» термині «жазба», «вариант», «нұсқа», тіпті жалпы «эпос» терминдеріне синоним ретінде қолданылады. Сондықтан эпостың негізгі нұсқаларына арналған очерктен төмендегіні оқуға болады: «...до Октябрьской социалистической революции не было достаточно точно изданного текста «Камбара» (осында және әрі қарай қарамен ерекшеленген – біз, С.Б.). Эта задача была решена в 1922 го-ду А.Диваевым. <...> Публикация Диваева ценна точной передачей текста, но ей недостаёт сведений о бытовании эпоса, характеристики публикуемой версии. Нет обычных при записи паспортных сведений: где, когда, кем, от кого и как сделана запись» [2]. Әлде: «В отличие от записи из Березинского архива, в тексте Аминова ослаблена конкретность изображения событий. <...> Но разработка образов героев в вариантах Березина и Аминова сходна» [3].

Қазақ фольклорының бұдан кейінгі академиялық басылымдарында мәтін терминінің осылай қолданылуы дәстүрге айналды. Мысалы, «Қобланды батырдың» ресейлік және қазақстандық фольклористер бірлесіп шығарған ғылыми басылымында: «Известно 26 записей героико-эпической поэмы «Қобыланды-батыр»... Эти записи, сделанные в разное время от народных певцов на территории Казахстана и граничащих с ним областей.

Варианты группируются по двум основным версиям. Сопоставление текстов В. 12/1 и В. 1184 показывает почти полную идентичность их содержания, имен главных героев и дословное совпадение стихотворных и прозаических частей» [4] делінеді. Қазақ тіліндегі эпос пен оның орыс тіліне жолма-жол аудармасы берілген тарауды ғалымдардың өздері «Текст» деп атағаны көңіл аударарлық.

Байкалып отырғанындай, фольклор текстологиясында «мәтін» санатының қолданылуы бұл

ұғымның өзін де, ерекшеліктерін де айқындауға мүмкіндік берген жоқ. Керісінше, фольклор мәтінінің шегі кеңейіп, мәтін текстологияның басқа ұғымдарымен бірдей мағынада қолданыла бастады.

Біздің ойымызша, зерттеуші қандай мәтін туралы сөз болып отыр деп ойланған сәттен бастап фольклордағы мәтін мәселесі туындайды. Себебі қазіргі заманда фольклорды тікелей орындаушыдан «тірідей» тыңдап қана қоймай, жинақтардан оқуға да, радиодан, аудиожазбадан тыңдауға да, бейнетаспадан, кинодан көруге де, Интернеттен табуға да болады. Басқаша айтсақ, өмірдің жаңа жағдайларындағы фольклорды қабылдау түрлерінің өзі «фольклор мәтіні» ұғымын түрліше түсіндіруге итермелейді.

Тіпті фольклор туралы қазіргі түсінік оның дәстүрлі «классикалық» ұғымынан мүлде алшақ екені байқалады. Шынында да, дәстүр бойынша фольклор деп халық арасында кеңінен тараған, салтқа қатысты және салтқа қатыссыз халықтың поэтикалық шығармашылығы, яғни алуан түрлі арбаулар, жоқтаулар, ертегілер, өлеңдер, жұмбақтар, анекдоттар және т.б. саналатын. Ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым, шын мәнісінде, фольклорлық шығармалардың варианттары мен нұсқаларын жазып алумен айналысқан еді. Бірақ мұндай «жазбалар» тек мәтіннің ресімделуі болғандықтан, ол «жазбаша» мәтін деп есептелмейтін еді.

Соған карамастан бүгінде халықтың поэтикалық шығармашылығының жаңа түрі – «жазбаша фольклор» туралы пікірлер ерекше көп айтылып жүр. «Жазбаша фольклорға» граффити (парталардағы, қабырғалардағы жазулар), қыздардың және әскерде болған жастардың альбомдары, сауалнамалар, сұрақнамалар, ребустар, фотосуреттерге, ашықхаттарға, конверттерге берілген түсінік сөздер, сөздіктер, қысқартылған сөздерге берілген әзіл анықтамалар, компьютер смайликтері және т.б. жатқызылып жүр. Аталған жанрлар фольклор мәтіні туралы түсінікті түбегейлі өзгертіп жіберді және мұндай материалдарды жинақтап, жалпылаудың алғашқы тәжірибелері де пайда бола бастады [5].

Зерттеуші осыларды ескермесе болмайды, өйткені ғылымның даму логикасы адамның жеке қасиеттері мен ұстанымдарына тәуелсіз екені белгілі. Сондықтан қазіргі заманғы фольклор – халық мәдениетінің аса әсерлі қабаты және ол ойлануды, зерттеуді, түсіндіруді қажет ететін мол материал береді деуге болады. Оның үстіне ауыз әдебиеті туралы ғылымның өзі де басқалардан оқшау дами алмайды. Жаһандану, бірігу (интеграция), ұшқыр-

лық заманына сәйкес ол да басқа әлеуметтік ғылымдардың (тіл білімі, мәдениет, дін, психология, информатика ғылымдарының) қатты әсерін сезінеді.

Көрініп тұрғанындай, фольклор мәтінінің мәселесінің маңыздылығы – күмәнсіз және ол кездейсоқ емес. Бұл мәселенің шешімі қандай? Ғылыми пікірталастардың түрлі мән-жайларына «тереңдеп үңілмесек», теориялық фольклористикада бүгінде фольклор мәтіні ұғымы туралы екі түрлі бағыттың айқындалғаны байқалады.

Бірінші бағытты, біздің ойымызша, шартты түрде «классикалық» немесе тарихи-типологиялық деп атауға болады. Бұл бағыттың өкілдері фольклор мәтінін «ауыз әдебиеті – сөз өнері» тұжырымдамасына сәйкес «тар» мағынада түсінеді. Сондықтан олардың түсіндіруінде фольклор мәтіні – халықтың тұрмысында нақты бар, ауызша айтылатын сөзбен берілген (вербалды) мәтін.

Әрине, фольклор мәтінін тарихи-типологиялық ұғынылуы – концептуалды тұрғыдан келгенде дәстүрлі екені көрінеді. Осы тұрғыда «таза» фольклор мәтінінің өзіндік ерекшелігі дәстүрлі жолмен анықталады: ол әдеби мәтінмен салыстырылады (!). Мәселен, К.В.Чистов былай деп атап көрсетеді: «Фольклорный текст – это текст устный, т.е. произносимый исполнителем и воспринимаемый на слух; литературный – зафиксированный, читаемый и воспринимаемый в процессе чтения» [6].

Сонымен, аталған тұжырымдамаға сәйкес, фольклор мәтіні – туындының тек вербалды (сөзбен ресімделген) ғана жағы. Одан басқа барлық қосымша құбылыстар («сөзбен» қатар орындалатын салттар, қимыл-әрекеттер, ымишаралар, оған қажетті түрлі заттар, тыңдаушылардың қатысы) орындау шарттарына жатқызылып, мәтінге тікелей еш қатысы жоқ деп саналады. Әдебиеттану мағынасындағы «контекст», «мәтіннен тыс байланыстар» терминдері мүлде қолданылмайды десе де болады.

Екінші бағытты құрылымдық-танбалық (семиотикалық) деп анықтауға болады. Оның өкілдері – фольклор мәтінін тексті «кең» мағынада түсінуді жақтаушылар. Информатика және семиотика ғылымдарына сүйене отырып, олар өз анықтамаларында фольклор мәтіні деп белгілі бір құрылымның, кестенің, модельдің (үлгі) жүзеге асырылуын немесе танбалардың, кодтардың, символдардың, түрлі «тілдердің» жиынтығын атайды.

Осының нәтижесінде зерттеушілер фольклор мәтінінде тек «сөзді» ғана емес, осы «сөздің» артында тұрғандарды немесе оны түсіндіріп тұрған нәрсені де көре бастады. Осыған байланысты жаңа

ғылымдар пайда болды: лингвофольклористика, этнолингвистика, этнопедагогика, психоллингвистика. Бұлар көп жағдайда А.Н. Веселовский мен А.А. Потебняның тіл және фольклорға қатысты идеяларын жалғастырды.

Мәселен, Н.И. Толстой лингвомәдениеттану зерттеулерінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, фольклор мәтінін төмендегіше түсіндіреді: «...культура многоязычна в семиотическом смысле этого слова и нередко пользуется одновременно в одном тексте несколькими языками. В этом случае... под текстом понимается не последовательность написанных или произнесенных слов, а некая последовательность действий, и обращения к предметам, имеющим символический смысл, и связанная с ними речевая последовательность» [7].

Басқаша айтқанда, дәстүрлі түсінікте фольклор («сөзді») мәтіні деп түсінілетін нәрсе этнолингвистика тұрғысынан үш таңбалық-салттық (акционалды), заттық (реалды) және сөзді (вербалды) компоненттен тұратын бір ғана семиотикалық мәтіннің бір тілі, «сөзі», коды деп түсініледі. Мұндай «мәтін» ретінде, мысалы, дәстүрлі қимыл әрекет (орыстардың рождестволық бал ашуын), онда қолданылатын түрлі заттар (табақ, орамал, әшекейлік бұйымдар және т.б.), фольклордың (табақ әні – подблюдные песни) орындалуы арқылы көрінетін салтты айтуға болады.

Қазақ ауыз әдебиетінде, мысалы, осындай мәтін ретінде бақсының әрекеттерін (далаға шығу, арнайы киім кию, кілемге отыру), пайдаланылған заттарды (қобыз, камшы) және орындайтын шығармаларды (бақсы өлеңдер, арбаулар және т.б.) айтуға болады.

Шынында, фольклор мәтін тек «сөз» десек, аталған шығармалардың мазмұны бізге түсініксіз болады. Ал жоғарыда келтірілген үш компонент бірге, қатар орындалғанда, бұл мәтіннің мазмұны, мәні толық ашылады. Мұндағы барлық «тілдер» бір-бірін алмастыра алады және қажеттілік болған жағдайда басқаша құрыла алады. Әрине, фольклор мәтіні осылайша түсіндіру мәтін кеңістігінің шегін елеулі түрде кеңейтіп, кең көлемдегі мәдениеттану контексіне жүгінуді қажет етеді.

Мәселен, В.М. Гацак фольклорды «многосубстанциональное явление», «первая естественная мультимедийная система» дей келіп, фольклор мәтінін жалғыз немесе бір бағыттағы құбылыс емес, «пучкообразное», яғни тарам-тарам бейнелі құбылыс деп қарастыруды ұсынады [8].

Этнографтар мен мәдениеттанушылар да фоль-

клор мәтіні туралы өз түсініктерін ұсынады. Олар фольклордың халықтың өмірімен, тұрмысымен, мәдениетімен тығыз байланыстылығына сүйене отырып, «фольклорлық-этнографиялық текст» деген ұғымды кіргізеді. Бұл бағыттың мәтіндердегі кодтар тең дәрежелі және бір-бірін алмастыра алады деген Н.И. Толстойдың тұжырымдамасынан өзгешелігі сол – мәтінде «орталық звено, атап айтқанда, көркем (музыкалық-поэтикалық, аспаптық-хореографиялық немесе басқадай) форманың болуы» [9] тиіс деп есептейді. Байқалып тұрғандай, бұл тұжырымдамада фольклор мәтіні ерекше «метажүйе» ретінде көрінеді де, оның орталығы вербалды (сөз), музыкалық немесе хореографиялық мәтін болуы мүмкін. Мұндай мәтін күрделі құрылымдық-таңбалық бірлік ретінде фольклордың шегінен шығып, ерекше коммуникативтік құралға айналады.

Фольклор мәтінінің қарастырылған тұжырымдамалары сырттай ұқсас болмаса да, түрлі өлшемдері жағынан бір-біріне жақын екенін атап айту керек. Ең алдымен, олар фольклор мәтінінің дербестігін, оның әдеби мәтіннен айырмашылығын көрсетеді. Сонымен қатар, түрлі дәрежеде фольклор мәтінінің көп қырлылығы мойындалады (бұл көп қырлылық фольклордың дәстүрлі синкретизмінің немесе таңбалық сипатының нәтижесі екені онша мәнді емес). Сол себепті де зерттеушілер фольклор мәтіні кеңістігін кеңейтуге, оны басқа гуманитарлық ғылымдардан белгілі мәліметтермен байланыстыра қарастыруға ұмтылады.

Сонымен, қазіргі теориялық фольклортануда фольклор мәтіні туралы шектеулі түсінікті біртіндеп бұза отырып, оның ғылыми мәртебесі мен ерекшеліктерін концептуалды түрде айқындауға ұмтылады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Бралина С.Ж.* Фольклорный текст как феномен устной культуры // Вестник Карагандинского у-та. Сер. Филология. 2004. № 1. С. 107-110.; Принципы порождения фольклорного текста // Там же. 2005. № 1. С. 51-54; Вариативность фольклорного текста // Мир Евразии: история, современность, перспектива: Труды Пятого Международного Евразийского научного форума. Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2006. С. 387-390. және т.б.
2. Камбар-батыр / Под ред. М.О. Ауэзова и Н.С. Смирновой. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1959. С. 254.
3. Сонда. С. 262.
4. Кобланды-батыр. Казахский героический эпос. М.: Наука, 1975. С. 385-387.
5. Русский школьный фольклор. От «вызываний» Пиковой дамы до семейных рассказов / Сост. А.Ф. Белоусов. М.: Ладомир, 1998. 744 с.; Устная и рукописная традиции: Сб. науч. тр. Екатеринбург: Изд-во УрГУ, 2000. 247 с.;

Современный городской фольклор. М.: Изд-во РГГУ, 2003. 736 с.

6. *Чистов К.В.* Народные традиции и фольклор: Очерки теории. Л.: Наука, 1986. С. 163.

7. *Толстой Н.И.* Язык и народная культура: Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. М.: Индрик, 1995. С. 23.

8. *Гацак В.М.* Этнопоэтические константы в фольклоре: уровни, изоглоссы, «мультимедийные формы» (на славянском и неславянском материале) // Литература, культура и фольклор славянских народов. XIII Межд. съезд славистов (Любляна, август 2003). Доклады российской делегации. М., 2003. С.311.

9. *Лобкова Г.В.* Древности Псковской земли. Жатвенная обрядность: образы, ритуалы, художественная система. СПб., 2000. С. 12.